

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

**Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkeпова K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryzhan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

ХҒТАР 17.01.39

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06>Е.С. АДАЕВА Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: [yermek.adayeva@nu.edu.kz](mailto:yermek.adayeva@nu.edu.kz))**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі қоғамдағы тарихи өзгерістермен өзара байланыста бола отырып, қазақ мәдениетінің ерекшелігін көрсететіндігі қарастырылады. Тарихи және әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қазіргі Қазақстандағы әйел бейнесінің жаңа деңгейге көтерілуінің негізгі алғышарттары көрсетіледі. Сонымен бірге қазақ әдебиетіндегі гендерлік стереотиптердің көрінісі талданады. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан қазақ әйеліне тән сұлу, отбасының ұйытқысы, еріне бағынышты, көнбіс, құрбан тағы басқа стереотиптердің таралуына әсер еткен тарихи жағдай, ұлттық дүниетаным, мәдениет, салт-дәстүр сияқты факторлар сараланады. Салт-дәстүр мен қазақ менталитетінің құрбаны болған әйелдердің қайғылы өмірлері сипатталған «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Ақбілек» т.б. көлемді шығармалар талданады. Соған қатысты ХХ ғасырдың басында жарық көрген шығармалар белгілі бір дәрежеде әйелдердің құқықтарына нұқсан келтіретін гендерлік стереотиптерге толы деген қорытынды жасалынады. Қазіргі уақытта жиі айтылатын мизогиния, гендерлік теңсіздік мәселелері де талқыланып кетеді. Сондай-ақ зерттеуде әйел жазбасының ерекшеліктері, қазіргі қазақ әдебиетіндегі әйел жазушылардың әңгімелері де талқыланады.

**Түйін сөздер:** гендер, стереотип, әйел жазбасы, феминизм, мизогиния.

**Кіріспе.** Қазіргі Қазақстандағы әйел бейнесі жаңа деңгейде көрінеді. Қоғамдағы әйел мәртебесі дәстүршілдік пен жаңашылдықтың бірлігі аясында қалыптасып келе жатыр. Қазіргі таңда қазақ қоғамындағы әйелдер тек батыстық үлгіні тұтасымен өзіне көшіре салмайды, оның қажетті жақтарын пайдалана отырып, еліміздің тарихындағы, мәдениетіндегі озық үлгілерді де назардан тыс қалдырмайды. Оған жергілікті дәстүрдің дүниетанымдық ұстанымдары, ғасырлар бойы қоғамдық санада қалыптасқан мәдени ерекшеліктер айқын дәлел бола алады. Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы қазақ әдебиетіндегі әйелдер образында да көрінісін тапқан. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі қоғамдағы тарихи өзгерістермен өзара әрекеттестікте(байланысты) бола отырып, қазақ мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді.

Тарихи және әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қазіргі Қазақстандағы әйел бейнесінің жаңа деңгейге көтерілуінің шартты түрде мынадай негізгі алғышарттарын көрсетуге болады:

«А) Еуразия кеңістігін мекен еткен көшпенді халықтардың наным-сенімдері мен мәдениеті, жалпы дүниетанымындағы әйел болмысы;

Ә) VIII-IX ғғ. аталмыш кеңістікке Ислам діні аясындағы мұсылмандық мәдениет орнады. Ислам діні мен жергілікті түркілік дүниетаным синтезі тұсындағы әйелдің әлеуметтегі орны;

Б) XVIII-XIX ғасырлардан бастау алып, XX ғасыр аяғына дейін ықпал етіп келген орыс мәдениеті мен жергілікті мәдениеттің текетіресі аясындағы әйел болмысы;

В) Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі рухани қайта жаңару мен қайта өркендеу кезеңіндегі, XXI ғасыр басындағы әйел бейнесі» [1,182].

Бұл орайда осы тарихи кезеңдердегі қазақ әдебиетіндегі әйел образының бейнелену ерекшелігі қандай деген сұрақ туындайды. Ал аталған сұраққа жауап беру – қазақ әдебиеті мәселелерін гендерлік әдебиеттану аясында қарастырудың қажеттігін көрсетеді. Гендерлік мәселелер қазақ әдебиеттануында жүйелі түрде зерттелген емес. Біздің мақсатымыз – әдебиеттегі әйел бейнесін тарихи, мәдени, әлеуметтік контексте қарастыра отырып, қазақ әдебиетіндегі гендерлік мәселені зерттеудің кейбір аспектілеріне тоқталу, фемининдік стереотиптерге талдау жасау.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Әдебиеттегі гендерлік зерттеулерге назар аударсақ, қазіргі уақытта олардың белгілі бір кезең аралығындағы әйел болмысындағы өзгерістерді, көркем шығармадағы әйел немесе еркек образының қоғам қалыптастырған маскулиндік (*masculinus*) және фемининдік (*feminus*) стереотиптерге сай келуі не келмеуі, әйел жазушылардың өзіне тән жазу ерекшелігін анықтау тәрізді басты бағыттарда көрініс табатындығын байқаймыз. Сондай-ақ көркем мәтіндердегі патриархал мәдениеттің стереотиптерін ашкерелеуді көздейтін, автордың гендерлік ерекшелігінің маңызын қарастыратын т.б. бағыттары бар [2, 45].

Қалған мәселелердің барлығы осы негізгі бағыттар төңірегінде қосымша қарастырылады. Біз де талдау барысында осы бағыттарды зерттеген әйгілі феминист ғалымдар Лейла Ахмед [3], Сандра Гилберт пен Сусан Губардың [4] еңбектеріндегі пікірлерге сүйене отырып, прозалық шығармалардағы гендерлік, феминистік мәселелерді саралауға тырыстық. Сондай-ақ С.Шакирова[5], Р.Тұрдалиева[6], Л.Дәуренбекова[7] т.б. қазақ ғалымдарының гендер тақырыбына байланысты жазылған зерттеу еңбектері де мақаланың теориялық және әдістемелік негізін құрайды.

Зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетіндегі әйел, ана тақырыбына жазылған шығармалар қарастырылады. Қазақ қоғамындағы әйел мәселесі, оны шешу жолындағы алаш қайраткерлерінің жасаған еңбектері, әдеби



шығармалары мен публицистикалық мақалалары әдеби теориялық және гендерлік аспектіде талданады. Сондай-ақ, қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелердің тарихи, саяси сипатын ашу үшін әр кезеңде жазылған көркем мәтіндерге гендерлік ұстаным тұрғысынан сапалық, талдау-жинақтау, салыстыру әдістері қолданылып, талдау жасалады.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ әдебиетінде әйел образын стереотипті түрде сипаттау ғасырлар бойы жалғасып келеді. Көркем шығармалардағы қазақ әйеліне тән гендерлік стереотиптерге негізінен мыналар жатады: сезімтал, мейірімді, тартымды, қамқор ана, еріне бағынышты, отбасының ұйытқысы, эмоциясы басым, әлеуметтік белсенділігі төмен, біреудің қорғауына зәру, көнбіс, төзімді, құрбан. Бұл гендерлік стереотиптер мәтінде ашық және кейде жасырын түрде көрінеді.

Бұл стереотиптердің таралуы қазақ әйелінің қоғамдағы рөлі мен оған қатысты бірнеше факторларға байланысты болды. Бұған әйелдердің физиологиялық, мінез-құлық ерекшелігіне қоса жоғарыда біз тоқталып кеткен тарихи кезең, ұлттық дүниетаным, мәдениет, салт-дәстүр де әсер еткендігін атап өтуіміз қажет. Қазақ әйелі жайында айта отырып, біз қазақ мемлекетінің өткені мен бүгіннен хабардар бола аламыз. Сондай-ақ бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін сомдау көбінесе қоғамдағы стереотипті көзқарастан туғаны анықталады.

«Әр образ бен стереотиптің өз шындығы бар», – дейді Тони Таннер [8, 15]. Демек бұл стереотиптік көзқарастар әйел образы жайында шындықты көрсетеді деп те түсінуге болады. Мәселен, қазақ әдебиетінде гендерлік тұрғыдан үнемі идеалды түрде ғана бейнеленетін ана образын алайық. Әдебиеттің мифопоэтикасын зерттеуші ғалымдар бұл образдың алғашқы қауымдық құрылыс кезінен бері келе жатқанын көрсетеді. Ұлтымыздың тарихи бастауындағы бөріден тарағандығымыз туралы мифология бұған дәлел бола алады. Бүткіл бір ұлттың этногенезіндегі хайуан болса да әйелдік бастауға келіп тірелген мифологиясы артетиптік сабақтастық арқылы кейіннен осы бастауды құрмет тұтуға алып келді және бұл сарынның ізі кейіннен мыңдаған жылдарға сабақтасты. Бұдан анаға деген құрметтің қазақтың мемлекеттілік тарихымен, этногенезімен, мәдениетімен қатар дамып келе жатқанын көрсетеді.

Біз сөз етіп отырған бұл кезеңде ешқандай кемсітушілік болмағандықтан, әйелдер билік басына да келген. Гинекократия немесе әйелдер билігі орнап, көшпенділер Тұмар сынды ханшайымды патша етіп тағайындағанын тарихтан білеміз. Осы айтып кеткен т.б. көне түркілік дәстүрлер кейінгі қазақ қоғамында жалғасын тауып жатты. Көптеген зерттеушілер көшпенділер мәдениетінде әйелдер үлкен еркіндікке ие екендігін, сонымен қатар олардың ерлермен теңдей дәрежеде болғандығын көрсетеді.

Түркілік кезеңнен кейін орнаған ислам дәуірі де алдындағы дүниетаныммен синтезденіп, өзіндік әлеуметтік-мәдени нышанға ие болды.

Сәйкесінше ондағы әйелдің әлеуметтегі орны мен қызметі де өзгерді деп айтуға болады.

Үш жарым ғасырдан астам уақытқа созылған хандық дәуірде де небір аяулы аналарымыз бен әжелеріміздің есімдері мәңгіге сақталып қалды. Бұл мысалдардың барлығы біз сөз етіп кеткен дәуірлердегі қазақ даласында әйелдердің қоғамдағы рөлі өткен ғасырлардың өзінде басқа мұсылман елдердегі ахуалмен салыстырғанда біршама прогрессивті, демократиялық талаптарға жақын болғанын байқатады.

Жоғарыда сөз етіп кеткен тарихи жағдайлар мәдениетімізде, әдебиетімізде гендерлік мәселе болмаған деген пікірлерге де алып келді. Мәселен, мәдениеттанушы Зәмза Қодар: «Әйел мәртебесі хақында рухани мәдениетімізде оған нұқсан келтіретін немесе кемсітушілікті қолдайтын туындылар жоқ десе де болады» деген пікір айтады [1,185]. Осы орайда ХХ ғасырдағы қазақ қаламгерлерінің барлығы дерлік шығармашылығына арқау еткен әйел теңсіздігі тақырыбының әдебиетіміздің бұрынғы тарихында көрініс бермеуінің себебі неде деген сұрақ туындайды. Бұның барлығы жоғарыда аталған түркілік дәстүрге байланысты деп топшыласақ болады.

XVIII ғасырдан бастау алып, қазақ даласында ХХ ғасыр аяғына дейін ықпал етіп келген Ресей отарлау саясаты да қазақ әйелінің болмысына өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Осы орайда ориенталист Едвард У.Сайдтың: «әрбір еуропалық, ол Шығыс жөнінде не айтпақ болса да, қайткенде де, нәсілшіл, империалист және әрдайым дерлік этноцентрист болып шығады. Жалпы, адамзат қоғамдастықтарының (жоқ дегенде, әлдеқайда дамыған мәдениеттер қатарынан) «өзге» мәдениеттермен қарым-қатынас кезінде индивидке империализм, нәсілшілдік және этноцентризмнен басқа әлденені өте сирек жағдайда болса да ұсынуы мүмкін екенін еске түсірсек, бұл пікірдің өткірлігін біраз басуға болар еді» деген пікірі дәл біздің сол кездегі қоғамға сай келетінін айта кеткен жөн [9, 56]. Қазақ елі жан-жақты, тек экономикалық емес, мәдени қысымға да ұшырады. Бұл мәселеге жергілікті мәдениет өкілдері қарсылық танытып, екі мәдениет арасындағы текетірес басталды. Осы текетірестің алғашқы белгілері ХХ ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуымен байланысты болды. Бұл кезеңдегі ұлт зиялылары туралы сөз қозғағанда біз алдымен Алаш қозғалысы өкілдерін айтамыз.

«Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі – осы кезеңде өмір сүрген барлық қаламгерді тебіrentті. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын сомдай отырып, оларды білімге, өнерге үндеді. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырса, Сәбит Дөнентаев қалың малдың құлы болған әкенің қаталдығы мен мейірімсіздігін аяусыз

әшкереледі» [10].

Кеңес одағына кіретін мемлекет жазушыларының барлығын билік жүргізіп отырған үстем жұрт бағыт-бағдар беріп, социалистік реализмнен ауытқып кетпеуін қадағалап отырды.

Аталған кезеңдегі әдебиеттегі басты міндеттердің бірі – социалистік құрылысты орнату жолындағы күрескер әйелдердің бейнесін сомдау. Бұл бағытта жазылған алғашқы шығармалар қатарына Б.Майлиннің «Күлтай болыс» (1925), «Раушан – коммунист» (1923), С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым» (1934-1937) С.Мұқановтың «Ботагөз» (1948) шығармаларын жатқызуға болады. Негізінен, бұл көркем туындылардағы әйел кейіпкерлер – кеңес өкіметінің арқасында білім алып, қоғамдық-әлеуметтік істерге белсене араласушы, жеке басының ғана емес, езілуші таптың мүддесі үшін әрекет ететін әйелдер. Бұл кезеңдегі қаламгерлерге тән ортақ нәрсе – қиындыққа қарсы тұра алатын, ерік-жігері мықты, саяси тұрғыда сауатты, жаңа сипаттағы коммунист белсенді әйелдер бейнесін көркем әдебиетте қалыптастыру.

Кеңес кезеңіндегі көркем шығармалардағы әйелдердің көбі – динамикалық өсуді, жетілу үдерісін бастарынан өткізген, коммунистік идеяға жан-тәнімен берілген бір текті бейнелер. Бұдан кеңес дәуіріндегі гендерлік саясаттың біржақты, яғни оның басты мақсаты – әйелдерді қоғамдық, саяси қызметке тарту екенін көреміз. Мысалы, қазақ әдебиетінде 1964 жылы жазылған Ғабит Мүсреповтің «Айгүл қойшының бір күні» деген әңгімесі бар. Әңгіменің басты кейіпкері – Айгүл есімді еңбекқор әйел. Ол шопанның жұмысын атқарғанымен, коммунист болған соң КСРО Жоғарғы Кеңесі депутаты болып сайланған. Қойшы қыз шопандықпен қатар, депутаттық міндеттерін де ұмытпайды. Осы тұстағы көп шығармаларда қазақ әйелі қойшы, сауыншы, тракторшы мамандығында көрінеді.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіндегі тағы бір айрықша тоқталатын жайт – әдебиеттегі құндылықтар жүйесінің көбіне ер адамдардың көзқарастары негізінде жазылатындығы. Көркем мәтіндегі әйел образдары көп жағдайда өз деңгейінде ашылмай, мұрат-мүддесі көрсетілмей жатады немесе патриархалдық қоғамның шарттарына сәйкес сипатталып, өзгертілді. Бұған әйел жазушылар санының аз болуы да әсер етті.

Осы орайда қазақ әдебиеттануындағы гендерлік ұғымдардың нақты көрінісіне тоқталу үшін біз халқымыздың тарихында айрықша орын алатын ХХ ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі кейбір танымал прозалық шығармаларды ғана қарастырамыз.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасында әйел теңдігі тақырыбы ерекше орын алды. Сол кездегі қазақ қоғамындағы құндылықтарымыздың жойылуы, отаршылдық т.б өзгерістердің барлығы әдебиетте әйел бейнелері арқылы көрсетілді. Осы тұста Мұхтар Әуезовтің «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы жарыққа шықты. Бұл мақалада жазылған Мұхтар Әуезовтің: «Ал, қазақ мешел

болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі әлі күнге өзектілігін жойған жоқ [11].

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының алғашқы қарлығаштары – «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал» шығармаларының атауларының өзінен-ақ, олардың тақырыптық идеясы айқын аңғарылып тұр.

Ал С. Көбеевтің «Қалың мал» (1913), Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» (1915), М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921), Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» (1926), С. Сейфуллиннің «Айша» (1922, 1935), С. Мұқановтың «Адасқандар» (1931) атты туындыларында сомдалған әйел кейіпкерлердің бәрі – бас бостандықтары, махаббат жолындағы азаттығы мен жеке бастарының бақыты үшін күресуші тұлғалар. Бұл кезеңдегі шығармаларға тән негізгі мотивтер – қыздардың алдын ала атастырылуы немесе байлық үшін өзіне тең емес адамға «сатылуы», әйелдердің осы жолда қарсылық жасау арқылы құрбан болуы.

Осылардың ішінен бір ғана «Бақытсыз Жамал» романына тоқталайық. Қазақ әдебиетінің тарихындағы тұңғыш романда әйел еркіндігі мен сауаттылығы мәселесі көтерілген.

Ғали бақилық болғаннан кейін, ақылына көркі сай Жамалды Жұманға қосады. Жұманның үйіндегі Жамалдың жағдайы романда былай суреттеледі: «Жамалдың көрген қорлық, кемшілігін мұсылман баласына бермесін», – деп айтарлыққа лайық болып, тұрса аяққа, отырса басқа ұратын болды. Нендей ұрып-соғып қинаса да, Жамал бір сөз қарсы айтып көрген жоқ еді» [12, 192]. Жұманның үйінен теперіш көріп, ауыр тіршілік кешкен Жамал қыс ішінде үйінен қашып шығып, боранды күні адасып, жапан далада көз жұмады. Роман осылай аяқталғанмен қазақ әдебиетінде гендерлік теңдікке ұмтылу нышандары нақ осы Жамалдан басталса керек.

Алаш көшбасшылары қазақ халқының дамыған, прогрессивті ел болуы үшін әйелдің жағдайына назар аударуы керектігіне тоқталады. Мәселен, Міржақып Дулатов роман жазып қана қоймай, 1916 жылы «Ақ жол» газетіне біз жоғарыда үзінді келтірген «Әйел теңдігі» деген мақала жариялады. Бұл мақаласында автор: «Қазақ-қырғыздың әйелге көзқарасы белгілі. Бірақ жалпы жұрт «осым теріс екен» ау деп, бұл күнге шейін мойындап тұрған жоқ. Сондықтан әйел мәселесін қолға алып, әйел теңдігін іске асырамыз деген соң, бұл туралы халықтың теріс назарын өзіне баяндап отыру қажет деп білеміз» деп жазады [13].

Бұдан қазақ даласында феминистік бастамалар мен реформаларды жүзеге асыруда Алаш қайраткерлерінің рөлі орасан зор болғанын көрсетеді.

Әйел адам – құрбан, тағдырына мойынсұнған жан.

XX ғасырдың бас кезінде жазылған шығармалардың бәрінде әйел образдары құрбан, көнбіс, бағынышты, тағдырына мойынсұнушы ретінде сипатталатынын байқауға болады.

«Қамардың үстіне төніп, дырау қамшысыменен басқа, көзге бет алды

төпелей бастады, Қамар сорлының құлындағы даусы құраққа шықса да: "Бейшара-ау, дертіне шипа берсін, саған кім болса да қастық қылып отырған жоқ қой" деуден басқа бақсыға қой деуші кісі жоқ еді» [14, 25].

Бұл Алаш зиялысы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романынан алынған үзінді. Молданың құсадан өлгелі жатқан Қамарды қамшының астына алып емдейтін сәті.

Образы жағынан Қамар Сұлу Жамалға ұқсайды. Қос кейіпкердің де ата-анасы олардың қыз екеніне қарамастан, хат танытады. Бір ерекшелігі Жамалды ата-атасы күйеуге беруге мұратты болса, Қамардың жағдайы басқаша. Болмысынан сауатты әкесі Омар қызының сөзін сөйлеп, қызын Жорға Нұрымға бергісі келмейді. Шығармада Қамар өз құқығы үшін күресіп, оның феминистік әрекеттері бір-екі тұста жарқын көрініс береді. Көптің көзінше «Мал емес төрт аяқты әйел халқы» деп сарказммен батыл жар салуы — барлық қазақ қызының ішіндегі шер-шерменінің, наразылығының түйініндей көрінеді.

Қазақ елінің Ресей империясының озбырлығына ұшырауы Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілек романындағы Ақбілек образы арқылы көрініс тапты.

«Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында қазақ қызының әлділердің ойыншығына, ермегіне айналған трагедиясын ашып көрсетеді. Бұл бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Романның басты кейіпкері – Ақбілек. Шығарма сол басты кейіпкерінің атымен аталған. Бұл табиғи да, заңды да. Романдағы бүкіл оқиға, іс-әрекет, қазақ ауылының әлеуметтік тіршілігі, халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, адамдар арасындағы түрлі қатынастар, империялық озбырлық – соның бар-баршасы дiңгектi образ Ақбілек тағдырына байланысты» [15].

«Офицер - романның басты тұлғасын жәбірлеп, арын аяққа таптаған жиіркенішті жан ғана емес, империялық саясаттың ғасырлар бойы халқымызды билеп, басып-жаншып келген көрінісі ретінде де есте қалады» [16, 78].

Бұл жайтты автор романдағы Ақбілек пен офицер арасындағы қатынас кезінде аша түседі. Бұған өз жайынан бірер мағлұмат берген офицердің төмендегідей ойлары айқын дәлел: «Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ тәубә қылу керек қой. Анығында, қазақ мемлекетке не пайда келтіріп отыр?... Тек қымызын ішіп, қарнын сипап, қатынына қарап, борбайын тыр-тыр қасығанды біледі... Тегінде қазақтың солдат болудан қорыққаны бізге теріс те емес. Кім біледі, қолына қару берсе, орыс жұртына жау болып кетпесіне кімнің көзі жетеді?... Әйтеуір, қазақ өз алдына ел болып жатқан жоқ. Ендеше, орысқа бағынуы керек».

Осы орайда Эдвард Саидтың «Ориентализм» кітабындағы Лорд Керзонның империялық *lingua franca* жөнінде Кромерге айтқан «империя дегеніміз – «амбициялар арқауы» емес, бұл «ең алдымен, ұлы тарихи, саяси және әлеуметтік факт» деген пікірі еске түседі [9, 15].

Ақбілектің зорлықтың құрбанына айналғаны ешкімді алаңдатпай,

барлық күнәні оның басына үйіп төгуі — сол кездегі қыздардың қоғамдағы жайынан хабар береді. Ақбілек өмір сүруге хақым жоқ деп те есептейді. Яғни, қазақ қоғамында осындай жағдайларда құрбанның өзін кінәлау әдетке айналған және кінәлілерді тиісінше жазалау көп жағдайда әлі де іске аспайды.

Алайда ары аяққа тапталып, қанша зорлық көрсе де Ақбілек тағдырға мойымады. Керісінше сол заманда тамырын тереңге жайған феодалдық-патриархалдық құрылыстың қатал заңын бұзып, төзімділігі мен қайратының, білімге және өмірге деген құштарлығының арқасында қиыншылықтарды жеңіп, соңында бақытты болады. Автор бұл тұста жаңа заман әйелінің образын насихаттайды. “Ақбілек” шығармасына дейін 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде “жеңіске” жеткен әйел заты жоқтың қасы еді. Қай дәстүрлі шығарманы алсаңыз да аяғы трагедияға толы, әділетсіз. Дәл осы шығарма қазақ әдебиетіне жаңашылдық әкеліп, кеңес заманындағы феминизмнің символына айналды.

XX ғасырдың басындағы әйел образына қатысты құрбан болу стереотипі кейінгі жазылған кеңестік кезеңдегі шығармаларда да орын алды. Бас кейіпкерлер ер адамға бағынышты, әрдайым өз жақындары үшін құрбандыққа баруға дайын. Өз талап, мансабын, тілек, армандарын екінші орынға қойып, отбасының бақытын өз бақыты деп санайтын адам ретінде сипатталады. Егер әйел өз бақытын алдыңғы орынға қойып, сол үшін күресетін кейіпкер ретінде сипатталған жағдайда, қоғамда ол автоматты түрде “ұяттан безіп, отбасы құндылықтарынан жатырқаған адам” ретінде қабылданады [17]. Зерттеушінің бұл пікірі біздің қоғамдағы кейбір көзқарастарға да сәйкес келеді.

Әйел – отбасының ұйытқысы, еріне бағынышты.

Жоғарыда тоқталып кеткеніміздей 20 ғасыр басындағы әйел образын бейнелеудегі фемининдік стереотиптер кеңес дәуірінде де жалғасын тапты. Бұл сөзімізге дәлел ретінде қазақ әдебиетінің кеңес дәуірінде жазылған танымал шығармаларының бірі – Дулат Исабековтің «Гауһар тас» повесіне тоқталайық. Повесть 1967 жылы жазылған. Бұл шығарманың басты кейіпкерлері – Салтанат пен Ыбыш – фемининдік және маскулиндік көзқарастардан туындаған образдар. Салтанат қазақ қоғамындағы стереотип бойынша қалыптасқан қазақ әйелінің образын жеткізсе, Ыбыш – нағыз «маскулиндік» қасиеттерді бойына сіңіре отырып жасалған бейне.

Шығарма туралы жазушының өзі былай дейді: «...бұл адам туралы, адамдардың ара қатынасы, романтика, ән, сұлулық туралы шығарма. Оған қарама-қайшы дәрекілік, тоңмойындық. Бірақ сол дәрекіліктің өзі әннің, әдеміліктің алдында әлсіздік танытып, адамның жан дүниесіне үлкен өзгеріс әкелмейтін бе еді? ...Қазақы тәрбиемен өскен Тастан «сүйем» деген сөзді анасынан қайта туса да айта алмас еді. Әйелге көңіл бөлмеу, «халің қалай?» дегеннің орнына «әлі жатырсың ба?» деп дүңк ете қалу нағыз қазақы мінез емес пе?» [18].

Гауһар тас шығармасының бас кейіпкері Салтанатты сол кезеңдегі қоғамда қалыптасқан гендерлік стереотиптің айқын бейнесі деуге болар. Шығармада Салтанат күйеуі мен оның отбасына қызмет етіп, отбасы, ошақ қасынан алыстамайды. Ыбыштың сөзіне қарсы келмей, оның тарапынан жасалған дәрекілікке де сөз қайтармай, керісінше құрмет пен ілтипат білдіруі – Салтанаттың қазақ қоғамында қалыптасып кеткен әйел мен ер азамат арасындағы стереотиптік көзқарастың көрінісі. Бұл пікірімізге Салтанаттың Қайыркенге жары Ыбыш туралы айтқан сөздері дәлел бола алады: “Ыбыш ұзаған соң Салтанат: ‘Әй, осы мені аямайды-әй’, – деді күліп, – ‘онысы несі екен. Мені өзі сияқты палуан деп ойлайды ғой деймін бір. Құдыққа келген сайын қауғаны ылғи маған тартқызып, өзі түйе жетектейді. Сөйтіп жүріп жөндеп тартпайсың деп ұрсатыны бар тағы да, астапыралла!..’ Салтанаттың бұл үнінде реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің қатал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр еді” [19, 56].

Қысқасы, Салтанат о жар Ыбыштың отбасында доминантты мінез көрсетіп, кей жағдайларда ұрып та жіберуге даяр мінезіне еш қарсылық көрсетпейді. Тек нәзіктігімен, жанының тазалығымен жеңуге тырысады. Ерін құрметтеу, сыйлау, қарсы шықпау – қазақ қоғамында әйел адамнан күтілетін қасиеттер. Бұл қасиеттердің барлығы да Салтанаттың бойынан ұшырасады. Демек Дулат Исабековтің Салтанаты – қазақ әйеліне қатысты қалыптасқан стереотиптердің үлгісі. Әйел адамды күйеуіне бағынышты немесе тәуелді етіп көрсету, кез келген қиындыққа (ұрсу, ұру деген сынды оқиғаларға) шыдамды болу шығарма беттерінде анық көрініс тапқан. Бұл қоғамның әйел адамнан күтетін рөлі десе де болады. Сол себепті де Салтанат образын гендерлік стереотиптік образ ретінде қарастырамыз.

Шығарма соңында Салтанат босана алмай қайтыс болады. Әйел образының тек рухани емес, физикалық әлсіздігі, аурушаңдығы авторларға шығарманы аяқтаудың ең ыңғайлы тәсілі. Бұл тұста ер авторлардың әйелді әлсіз бейне ретінде сипаттау стереотипі байқалады. Денсаулықтың әлсіздігі, аты аталмайтын және жиі өлімге әкелетін ауруларға бейім болу жазушыларға ойдан шығарылған кейіпкерлердің тағдырын жасау үшін өте қолайлы. Әлем әдебиетінде бар үрдіс қазақ әдебиетінде де өз көрінісін тапты. Мәселен, «Гауһар тас» повесіндегі Салтанат баладан қайтыс болса, жоғарыда тоқталып кеткен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Қамар сұлу шығармасындағы Қамар шығарма соңында құсадан ауруға шалдығып, дүниеден өтеді.

Кеңес Одағы әйелге еркіндік, билік берді дегенмен, соңғы ғасырдағы қазақ әйелінің ауыр жағдайы кеңес дәуіріндегі әйел психологиясына да өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Кеңестер Одағында барлық қазақ әйелі еркін, мықты, тәуелсіз болды деп айта алмаймыз. Оған коммунистік партияның қатаң бақылауы қосылды. Қазақ әдебиеті, қазақ әйелі екі идеология тоғысында (дәстүрлі және кеңестік) қалды. Алайда осындай өмір салтында да қазақ әйелі

өзіне ғана тән қасиеттерді: дәстүрге адалдығын, намыстылығын, әдептілігін т.б. сақтап қалды. Бұл жайт қазақ кеңес әдебиетіндегі әйел образдарында да өз көрінісін тапты.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі әйел жазбасы.

Енді қазіргі қазақ әдебиетіндегі әйел образын бейнелеудегі стереотиптерді анықтау үшін әйел жазушылардың шығармаларына назар аударайық. Еуропалық және американдық ғылымда мәтінге гендерлік талдауды «әйел жазбасы» / «women`s writing» / «әйел стилі» ұғымымен байланыстыру қалыпты жағдайға айналды. Дегенмен «әйел жазбасы» ұғымының өзі мазмұнын нақтылауды және (ең бастысы) талдау құралдарын қажет етеді. Гуманитарлық ғылымдардың қазіргі кезеңінде әйелдік дискурс (жазба түрі) идеясы бар деп айта аламыз. Қазіргі әйелдер прозасы гендерлік тұрғыдан талданады, алайда әдебиеттану ғылымында оның әдіснамалық негізі әлі толық қалыптаспаған. Дерридиандық конструкцияларда жазу сөйлеуге қарсы: Ол бейсаналық. Әйел жазбасы өзін шексіз қайталаулар мен алмастырулар арқылы көрсетеді. «Әйел жазбасына» көптеген реминисценциялар мен аллюзиялар тән деген қорытынды осыдан шығады. Көркем шығармадан аталған «ерекшеліктерді» іздеу «әйел жазушылардың» мәтіндерін зерттеудегі негізгі бағыттардың біріне айналады. Сонымен қатар Деррида Фридрих Ницшенің Көңілді ғылым еңбегінен қорытынды жасай отырып, «әйел жазбасы» үшін көптеген (кем дегенде екі) стильдің болуы, ал дұрысында «стильдер арасында» жазудың алғы шарты екенін айтады.

Айтылған ғылыми пікірлерге назар аударсақ, қазақ әдебиетіндегі әйел авторлар шығармаларынан түрлі аллюзиялар мен реминисценцияларды, қайталауларды көбірек кездестіреміз. Сондай-ақ көркем мәтіндерден түрлі стильдердің ауысып отыратынын да байқаймыз. Әйел жазушылардың өзіне тән жазу ерекшелігін зерттеу арқылы гендерлік мәселелерге бару өз алдына жеке қарастыруды, зерттеуді қажет етеді.

Тағы бір тоқталатын жайт – жазушы әйелдер кейіпкерлердің образын сипаттауда көбінесе позитивті немесе сыпайы жазба тілін (сөздерді) қолданады. Әйел жазушылар тілінің сыпайылығы әйелдердің жақсы мінез-құлқын көрсетеді, бұл қасиет қоғамның әйелден күтетін қасиеті.

Пікірімізге дәлел ретінде қазіргі қазақ әдебиетіндегі танымал жазушы Роза Мұқанованың шығармаларындағы әйел образдарына шолу жасап кетейік. Жазушы әйел образдарын тереңінен қарастырып, ерекше етіп сомдайды. Біріншіден, оның әйел кейіпкерлері әртүрлі. Олар «әйел әрдайым өзгелердің жағдайын ойлап, жақсы әйел болуы керек» деген стереотиптерге бағынбаған. Роза Мұқанованың шығармаларындағы әйел кейіпкерлер айдай сұлу да, шашы жоқ таз болуы да мүмкін. Екіншіден, Роза Мұқанованың әңгімелеріндегі әйел кейіпкерлердің жан-дүниесі шынайы, шығармада сенімен сырласып отырғандай көрінеді. Өйткені автор олардың сыртқы келбеттерін ғана емес,



олардың сезімдерін, армандарын суреттеуге тырысады. Әйелдердің сыртқы әлеммен байланысынан бөлек, олардың ішкі жан дүниесінің сыры ашылады. Жоғарыда атап өткеніміздей жазушы шығармаларында сырт көзге көріне бермейтін, стандарт тұрғыда баға бере алмайтын әйел қасиеттері ашылады. Роза Мұқанованың әңгімелерінде біз әйел образының дәстүрлі әңгімелерде айтылмайтын қырларына үңілеміз. Әйел адамның өз болмысына өзі сын жасауы арқылы оқырман әйелдердің өздерінің де әлі де қабылдай алмай жатқан мәселелеріне зер салады.

Мәселен, жазушының Тұтқын әңгімесінде бір әумесер суретші жайлы баяндалады. Ол суретші бөлмесінде отырған күйі, сан түрлі әйел адам елестерімен диалог жүргізу арқылы жалпы әйел адамға деген өзінің көзқарасын білдіреді. Бас кейіпкер әйел адамның жалпы сыртқы келбетінен бастап ішкі жан дүниесі мен ниетіне дейін сынға алады. Суретшінің «әйел мен ақиқаттың алшақ жаратылғаны үшін кінәламаңыз мені» [20, 127], - деген сөздері адамдарды тікелей гендерлік сипат бойынша кемсітетінін көрсетеді. Бүкіл шығарма бойы әумесердің мизогиниялық санасы оқырманға паш етіледі. Біздің ойымызша, жазушы жағымсыз басты кейіпкер арқылы мизогиниялық пікірлерді мысқылдап, сынға алады.

Постмодернизмнің ең үлкен өкілдерінің бірі Жак Деррида әдеби шығармалардағы әйел образын зерттеу барысында әйел табиғатында ешқандай ақиқат жоқ екенін баяндайды [21]. Осы орайда, Тұтқын әңгімесіндегі суретші мен оның ойдан шығарып алған, әңгімеде бірінші болып кездесетін елесі арасындағы диалогта әйелдердің жылап, жалған аянышты сезім тудыратын қасиеті жайлы айтылады. Шығармадағы бірінші әйелмен болған эпизод ұзақ болмаса да әйелдер жайлы көптеген тақырыптарды қозғайды. Босағада бірінші әйел пайда болғанда бас кейіпкер – суретші оны бірден қорлай бастайды. «Олар ешқашан жылаған емес, білесіз... Әйелдің жылауы да саясат. Жылаған болып отырып, дегеніне қол жеткізетін сайқал жаратылыс. Әйел – жылап отырып, қалайда жеңіске жетуді, ұтылмауды ойлайтын шайтани құбылыс» [20, 115].

Суретші әйелдердің көз жасын үнемі қолданатын күшті қаруы деп есептейді. Көз жасының мысалы арқылы ол сезімнің кез келген көрінісі әйелге жат екенін және әйелдердің мақсатына жету үшін бәріне дайын екенін көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, автордың сипаттауынша әйел адам жалған сөйлеп, жалған сезім білдіріп болсын өздерінің қалағанына жететін жан иесі ретінде бейнеленеді. Бұл арада Роза Мұқанованың әйел табиғатының жан-жақтылығын көрсету үшін алынған бірінші образы анықталады.

Сондай-ақ бұл әңгімеде суретші әйелге ғашық болуды, сүюді оның құлына айналумен тең деп есептейді. Суретшінің пікірінше әйел адамының талғамы мен талабы кез келген адамды есінен тандырады. Дәлірек айтқанда, жазушы әңгімеде әйелдің талаптарына сай болу, әрқашан сәйкес келу мүмкін

емес екенін көрсетеді. Феминист Люс Иригарей постмодернизм шығармаларындағы әйелді өзінің нақты, спецификалық және рационалды ойлауға мүлдем сәйкес келмейтін қалауы бар құбылыс ретінде сипаттайды. Роза Мұқанованың туындысынан да көретініміз осы. Бұл да әңгімедегі әйел образының бір қыры деп танысақ болады.

Жоғарыда біз әйел жазушылардың өзіне тән жазу ерекшелігін қарастыру да маңызды гендерлік мәселелердің бірі екендігін айтып өттік. Ғалым Анастасия Малыгина «гендерлік метафора» әдісін қолдана отырып, ғылым мен мәдениет дискурстарын сипаттағанда структуралистік дискурс маскулиндік ретінде, ал постструктуралистік дикурсты фемининдік ретінде қарастырады. Егер «маскулиндік» дискурс ежелгі дәуірден постмодерн дәуірінің басына дейінгі үстемдік еткен философиялық-гуманитарлық рефлексия мен күнделікті сана дәстүрін көрсетсе, фемининдік дикурс постмодерндік ойлау типіне тән екендігін саралайды [22, 45]. Осы пікірге сәйкес Роза Мұқанова дискурсының постмодерндік ойлау ерекшелігіне тән екенін байқауға болады.

Енді бірер сөз әйел жазушылар мен ер жазушылардың әйел бейнесін сипаттаудағы ерекшеліктері туралы болмақ. Жоғарыдағы өзіміз тоқталып кеткен еркек жазушылардың әйел бейнесін сипаттаудағы ерекшелігіне тоқталатын болсақ, бірнеше аспектілерді атап өтуге болады. Біріншіден, еркек жазушылар өз еңбектерінде әйел бейнесін белгілі бір тарихи кезеңнің шындығын сипаттауда қолданатынын байқаймыз. Халқымыздың тарихындағы бастан өткізген ауыртпашылықтары мен күрестері әйел бейнесінің айналасында орын алады. Еркек жазушылар әйел адамның қиын тағдырын халықтың хал-ахуалымен сәтті байланыстырады. Сондықтан да еркек жазушылар шығармаларындағы әйел бейнесі бірде құрбан, бірде өзгенің бақытын өз бақытынан жоғары қоятын, көнбіс, төзімді сипатта көрінсе, енді бірде батыл, қайсар, ақылды болмысымен сипатталады. Біз жоғарыда тоқталып кеткен жазушылар әйел бейнесін оқиғаның әлеуметтік, саяси маңыздылығын сипаттауда субъект ретінде қолданады. Ал әйел жазушылардың шығармаларындағы әйел образдары өзгешелеу көрінетіндігіне тоқталдық. Олардың шығармаларындағы әйел образдары тарихи оқиғаның маңыздылығын көрсету мақсатында емес, әйел табиғатының сан қырын ашу үшін, жандүниесіндегі құбылыстарды, өзгерістерді көрсету үшін өмір сүреді.

**Нәтижелер.** Түйіндей айтсақ, жоғарыда баяндап кеткен қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи-әлеуметтік өзгерістердің барлығы қазіргі қазақ әйелінің өмірдегі де, әдебиеттегі де болмысын қалыптастырды деуге толық негіз бар. Оған қосымша Қазақстанның Еуразия кіндігінде орналасуы қазақ әйеліне Шығыс пен Батыс дәстүрлерін бойына қатар сіңіруіне де өз ықпалын тигізді.

Екіншіден, қазіргі қазақ, әлем әдебиеттануында өте өзекті болып табылатын гендер мәселесі түп идеясының әу баста көне түркілерде болғанын көреміз. Біз бұл туралы еңбегіміздің басында айтып кеттік. Өз заманының үлгісі

болған көне түркі халықтарының гендерлік саясаты, ондағы тарихи тәжірибе түркі ұрпағы ретіндегі қазіргі біздің өмірімізге қызмет етуге тиісті.

Үшіншіден, бұл зерттеуде әдебиеттегі гендерлік мәселелерді қарастырудың аспектілері мен фемининдік стереотиптердің қазақ әдебиетіндегі көрінісіне қысқаша талдау жасалды. Қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалар негізінде гендерлік стереотиптерге жасалған талдау бойынша өте қызықты және маңызды қорытындылар жасауға болады:

- жалпы әйел адамның қоғамдағы орны мен оған қатысты фемининдік стереотиптердің таралуы өзара байланысты бірнеше факторларға қатысты болды. Бұған әйел адамның физиологиясы, мінез-құлық ерекшелігіне қоса тарихи кезең, ұлттық дүниетаным, мәдениет, салт-дәстүр де әсер еткендігіне көз жеткіздік;

- талдау нәтижесінде қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін сомдау көбінесе қоғамдағы стереотипті көзқарастан туғаны анықталды. Сонымен қатар әйел бейнесінің тәуелсіз жаңа образға өте алмағаны байқалды;

- біздің көркем әдебиеттегі құндылықтар жүйесі көбіне ер адамдардың көзқарастары негізінде жазылады. Көркем мәтіндегі әйел образдары көп жағдайда өз деңгейінде ашылмай, мұрат-мүддесі көрсетілмей жатады немесе патриархалдық қоғамның шарттарына сәйкес сипатталып, өзгертіледі;

- сондықтан гендерлік стереотиптерді білу және оларды ажырата алу жазушыларға, оқырмандарға әйелдерді белгілі бір көзқарастар шеңберінен тыс бейнелей алуына, оларға әділ баға бере алуына және бейтарап көзқараспен қарай алуына көмектеседі;

- қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі әйел образдары көбіне фемининдік стереотип белгілерін қамтығанымен, қазіргі қазақ әдебиетінің шығармаларында біз тоқталып кеткен стереотиптердің сақталғаны да, өзгеріске түскендері де бар.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда кез-келген ұлттың әйелдерінің қалыптасқан портреті болады десек, қазақ әйелінің портреті қандай деген сұрақ туындайды. Бүгінгі қазақ әйелінің өмірдегі де әдебиеттегі де бейнесін былай сипаттауға болады. Оның басты сипаты – халық дәстүріне адал, намысты, сыпайы, әдепті, білімді, талапты қазақ қызы. Қазіргі қазақ қызы туған халқының мәдениетімен қатар әлем мәдениетін меңгерген, білікті, әлеуметтік ортаға бейімді, қоғамдық өмірде белсенді. Бұл – заман талабы.

Қазіргі прозадағы әйел образын зерделей отырып, еліміздегі әйелдерге деген көзқарас, ер мен әйел қарым-қатынасына қатысты таным-түсініктер, олардың (әйелдердің) қоғамдағы орнын, жан дүниесіндегі өзгерістерді әр қырынан байыптауға болады.

Әмбебап фемининдік стереотиптер барлық халыққа, мәдениетке ортақ болса да, әр халықтың, мәдениеттің танымына, діні мен діліне, болмысына қарай көрініс табуы бірдей емес екені байқалды. Бұл мәселені тереңірек таратып зерттеу – болашақтың ісі.

### Әдебиеттер

1. Қодар З. Түркі-қазақ дүниетанымындағы әйел мәселесі. Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар. – Астана: Форма Плюс, 2015. – 300 б.
2. Ryan M. Literary Theory. – Wiley-Blackwell, 2017. – 1648 p.
3. Ahmed L. Women and the Gender in Islam. – Yale University, 1992. – 296 p.
4. Sandra M., Gilbert & Susan Gubar. Still Mad. American women writers and the feminist imagination. – New York, 2022. – 440 p.
5. Шакирова С. Женская и гендерная проблематика в научной периодике Казахстана: Количественный анализ. // Вестник Казахского национального женского университета. № 3(91), 2022. – с.17. DOI: 10.52512/2306-5079-2022-91-3-17-34.
6. Тұрдалиева З.С. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолінгвистикалық талдау. Филол. ғыл. кандидаты дисс. мат. 2009. -123 б.
7. Daurenbekova L.N., Kerimbekova B.D., Daribayev S.D., Agabekova Z.A., Adayeva Y.S. Translation into Kazakh language of Women's image in Ch. Aitmatov's works. // <https://www.scopus.com/sourceid/>. Astra Salvensis. Volume 2021, Pages 531 – 544202
8. Tanner T. Jane Austen. – Houndmills, Basingstoke, Hampshire, and London: Macmillan Press Ltd, 2005. – 205 p.
9. Said E. W. Orientalism. – New York: Vintage Books Edition, 1979. – 394 p.
10. Әділбекқызы Г. Қазақ әдебиетіндегі әйел тағдыры және дәстүрлі отбасы құндылықтарының дәріптелуі (XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы шығармалар бойынша). 2016. // Qazaq gazetteri. <https://kazgazeta.kz/news/53332>
11. Әуезов М. Ел боламын десең, бесігіңді түзе. 2014. // <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/15c/15cd4e052e695ac256303c36918fad53.pdf&ln=kz>
12. Дулатұлы М. Оян қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. –192 б.
13. Дулатов М. Әйел теңдігі. 1921. // <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/74e/74e0db2c0baa13197214063aa74c23af.pdf&ln=kz>
14. Торайғыров С. Асыл сөз – Алматы: ҚазАқпарат, 2005. –180 б.
15. Тоқтарбай Е. Қазақ әдебиетіндегі әйел образы. 2018. // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak\\_adebietindegi\\_aiel\\_obrazi\\_\\_20842](https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak_adebietindegi_aiel_obrazi__20842)
16. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
17. Lange C. Men and women writing women: the female perspective and feminism in U.S. novels and African novels in French by male and female authors. – UW-L Journal of Undergraduate Research, XI. 2008.

18. Исабеков Д. Гауһартас қараланғаннан құлап қалмайды. 2019. // <https://egemen.kz/article/199061-dulat-isabekov-gauqartas-qaralaghannan-qular-qalмайdy>.
19. Исабеков Д. Гауһар тас. – Алматы: Атамұра, 2020. 310 б.
20. Мұқанова Р. Муза: повестер мен әңгімелер. – Алматы: 2004. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1166120>.
21. Скоропанова И. Русская постмодернистская литература. – Москва: Флинта, 2001. <http://yanko.lib.ru/books/cultur/skoropanova-russ-postmodern-lit.htm>
22. Малыгина А. Гендерные аспекты как тексты культуры (на примере моды середины XX – начала XXI в. [автореферат диссертации, Московский Государственный Университет]. 2008.

**Е.С. АДАЕВА**

Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

## **ГЕНДЕРНЫЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

**Аннотация.** В данной статье говорится, что образ женщины в казахской литературе взаимосвязан с историческими изменениями в обществе и отражает особенности казахской культуры. С исторической и социальной точки зрения показаны основные предпосылки для популяризации образа женщины в современном Казахстане. При этом анализируется выражение гендерных стереотипов в казахской литературе. Выделяются такие факторы, как историческая ситуация, национальное мировоззрение, культура, традиции, повлиявшие на распространение стереотипов о казахской женщине как о красивой, семейной, покорной, жертве и других стереотипов, сохранившихся на протяжении веков. Анализируются такие известные произведения, как «Несчастливая Джамал», «Камар сулу», «Акбилек», в которых описывается печальная жизнь женщин, ставших жертвами традиций и казахского менталитета. В связи с этим делается вывод о том, что произведения, опубликованные в начале XX века, насыщены гендерными стереотипами, которые в определенной мере наносят ущерб правам женщин. Также обсуждаются вопросы женоненавистничества и гендерного неравенства, которые часто упоминаются в настоящее время. В исследовании также рассматриваются особенности женского письма, рассказы женщин-писательниц в современной казахской литературе.

**Ключевые слова:** гендер, стереотип, женское письмо, феминизм, мизогиния.

Y.S. ADAYEVA

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

## GENDER ASPECTS OF STUDYING KAZAKH LITERATURE

**Abstract.** This article considered that the image of a woman in Kazakh literature was interconnected with historical changes in society and reflected the peculiarities of Kazakh culture. From the historical and social point of view, the main prerequisites for raising the image of a woman to a new level in modern Kazakhstan are shown. At the same time, the expression of gender stereotypes in Kazakh literature is analyzed. This work also examines the factors such as the historical situation, national worldview, culture, and traditions, which have influenced the establishment and spread of centuries-long stereotypes of the Kazakh woman as beautiful, family core, submissive, subservient, victimized, etc. "Bakysiz Jamal", "Kamar Sulu", "Akbilek" and other voluminous works describing the suffering lives of women who are victims of traditions and Kazakh mentality are analyzed. In this regard, we conclude that the works published at the beginning of the 20th century are full of gender stereotypes that harm women's rights to a certain extent. We can easily find issues of misogyny and gender inequality, which are often discussed currently, in the literature of that time. The research also discusses the stories by female writers and the writing characteristics of women writers in modern Kazakh literature.

**Key words:** gender, stereotype, female writing, feminism, misogyny.

### References

1. Qodar Z. Türkı-qazaq dünüetanyndağy äiel mäselesı. Qazaq handyğy tüsyndağy hanymdar men arular. – Astana: Forma Plüs, 2015. – 300 b.
2. Ryan M. Literary Theory. – Wiley-Blackwell, 2017. – 1648 p.
3. Ahmed L. Women and the Gender in Islam. – Yale University, 1992. – 296 p.
4. Sandra M., Gilbert&Susan Gubar. Still Mad. American women writers and the feminist imagination. – New York, 2022. – 440 p.
5. Shakirova S. Zhenskaja i gendernaja problematika v nauchnoj periodike Kazahstana: Kolichestvennyj analiz. // Vestnik Kazahskogo nacional'nogo zhenskogo universiteta. № 3(91), 2022. – с.17. DOI: 10.52512/2306-5079-2022-91-3-17-34
6. Türdaliev R.S. Körkem mätnidegi genderlik sipat: psiholingvistikalıyq taldau: filol. ğyl. kand. diss. maty, 2009 - 123 b.
7. Daurenbekova L.N., Kerimbekova B.D., Daribayev S.D., Agabekova Z.A., Adayeva Y.S. Translation into Kazakh language of Women's image in Ch. Aitmatov's works // <https://www.scopus.com/sourceid/>. Astra Salvensis. Volume 2021, Pages 531 – 544.

8. Tanner T. Jane Austen. – Houndmills, Basingstoke, Hampshire and London: Macmillan Press Ltd, 2005. – 205 p.
9. Said E. W. Orientalism. – New York: Vintage Books Edition, 1979. – 394 p.
10. Ädılбекқызы G. Qazaq әдебиетіндегі әйел тағдыры және дәстүрлі отбасы құндылықтарының дәріптелуі (НН ғасырдың жиырмаһыншы жылдарындағы шығармалар бойынша). 2016. // Qazaq gazetteri. <https://kazgazeta.kz/news/53332>
11. Äuezov M. El bolamyn deseñ, besigiñdi tüze. 2014. // <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/15c/15cd4e052e695ac256303c36918fad53.pdf&ln=kz>
12. Dulatuly M. Oian qazaq! Roman, öleñ-jyrlar, äñgimeler. – Almaty: Atamūra, 2003. –192 b.
13. Dulatov M. Äiel teñdigi. 1921. // <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/74e/74e0db2c0baa13197214063aa74c23af.pdf&ln=kz>
14. Toraiğyrov S. Asyl söz – Almaty: QazAqparat, 2005. –180 b.
15. Toqtarbai E. Qazaq әдебиетіндегі әйел образы. 2018. // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak\\_adebietindegi\\_aiel\\_obrazi\\_\\_20842](https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak_adebietindegi_aiel_obrazi__20842)
16. Sağynbekuly R. Jüsüpbek. – Almaty: Sanat, 1997. – 224 b.
17. Lange C. Men and women writing women: the female perspective and feminism in U.S. novels and African novels in French by male and female authors. – UW-L Journal of Undergraduate Research, XI. 2008.
18. İsabekov D. Gauhartas qaralangannan qūlap qalmaidy. 2019. // <https://egemen.kz/article/199061-dulat-isabekov-gauqartas-qaralaghannan-qulap-qalmaidy>.
19. İsabekov D. Gauhar tas. – Almaty: Atamūra, 2020. – 310 b.
20. Mūqanova R. Muza: povester men äñgimeler. – Almaty: 2004. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1166120>
21. Skoropanova I. Russkaja postmodernistskaja literatura. – Moskva: Flinta, 2001. <http://yanko.lib.ru/books/cultur/skoropanova-russ-postmodern-lit.htm>
22. Malygina A. Gendernye aspekty kak teksty kul'tury (na primere mody serediny XX — nachala XXI v. [avtoreferat dissertacii, Moskovskij Gosudarstvennyj Universitet]. – 2008.

**Автор туралы мәлімет:**

**Адаева Ермек Сабырбайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Адаева Ермек Сабырбаевна** – кандидат филологических наук, преподаватель Назарбаев Университета, Астана, Казахстан.

**Adayeva Yermek Sabyrbayevna** – candidate of philological sciences, instructor of the Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.